

Абай облысында ортақ су пайдалану ережелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Абай облысы мәслихатының 2023 жылғы 28 шілдедегі № 5/35-VIII шешімі. Күші жойылды - Абай облысы мәслихатының 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 19/134-VIII шешімі

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы мәслихатының 26.09.2024 № 19 /134-VIII шешімімен (қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабының 1-абзацының 1) тармақшасына, 65-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Ортақ су пайдаланудың ұлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 20 наурыздағы № 19-1/252 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11434 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Абай облысы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай облысында ортақ су пайдалану ережелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы мәслихаты төрағасының міндеттін атқарушы

У. Майжанов

Абай облысы мәслихатының
2023 жылғы 28 шілдедегі
№ 5/35-VIII шешімнің
қосымшасы

Абай облысында ортақ су пайдалану ережелері

1. Осы Абай облысында ортақ су пайдалану ережелері (әрі қарай – Ереже), Қазақстан Республикасы Су кодексінің (әрі қарай – Кодекс) 38-бабының 1-абзацының 1) тармақшасына, 65-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-2 тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Ортақ су пайдаланудың ұлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 20 наурыздағы № 19-1/252 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11434 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді және Абай облысында ортақ су пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Ортақ су пайдалану халықтың мұқтаждарын қанағаттандыру үшін су объектілері жекелеген жеке немесе заңды тұлғаларға бекітіліп берілмей және судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

3. Ортақ су пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етілмейді.

4. Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың ортақ су пайдалану объектілеріне халықтың кіруін қоршаулар, қузет пункттерін, тыйым салатын белгілер орнату жолымен шектеуіне жол берілмейді.

5. Экологиялық, техникалық және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі мақсатында ортақ су пайдалану шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

6. Ортақ су пайдалануға:

1) шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін;

2) ықтимал сел қаупі бар су объектілерін қоспағанда, рекреациялық мақсаттарда;

3) кеме қатынасы және шағын кемелерді пайдалану үшін;

4) мал суару үшін су объектілерін пайдалану жатады.

7. Шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін жер үсті су көздерінен су алу судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

8. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыш жайларындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді экологиялық талаптар мен адам өмірінің қауіпсіздігін сақтай отырып, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілдегі органдармен келісім бойынша Абай облысының жергілікті атқарушы органы белгілейді.

9. Кеме қатынасы санатына жатқызылған Қазақстан Республикасының жер үсті су объектілері, оларды осы мақсаттарға пайдалануға толық немесе ішінара тыйым салынған не олар оқшау пайдалануға берілген жағдайларды қоспағанда, ортақ пайдаланудағы су жолдары болып табылады.

Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу тәртібі, кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесі және оларды пайдалану қағидалары Кодекстің 105-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Су объектілерін мал суару үшін пайдалануға санитарлық қорғау аймақтарынан тыс жерде және суат алаңдары мен су объектілерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын басқа да құрылғылар болған жағдайда жол беріледі.

11. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында, өнірдегі жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, Абай облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылу, ауыз су және шаруашылық қажеттіліктерге су алу, мал суару, шағын кемелерде және басқа да жұзу құралдарында жүзу жүзеге асырылмайтын жерлер осы Ереженің 1 және 2-көсімшаларына сәйкес айқындалады.

12. Абай облысының қалалар мен аудандар әкімдіктері тиісті аумақта орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады.

13. Оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы, егер Абай облыстық мәслихатының шешімдерінде өзгеше белгіленбесе, Кодекстің 67-бабының 3-тармағына және 68-бабының 4-тармағына сәйкес ортақ су пайдалану шарттары немесе оған тыйым салу туралы жариялады.

14. Ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын жариялау үшін оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы Абай облыстық мәслихатына ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеудің қажеттігі негізделген ұсыныс енгізеді.

15. Абай облыстық мәслихаты мәслихаттың кезекті немесе кезектен тыс сессиясы барысында ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеу бойынша тиісті шешім қабылдайды және оны үш жұмыс күні ішінде оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушыға жолдайды.

16. Жарияланған ортақ су пайдаланудың шарттары немесе оған салынатын тыйымдар шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін ортақ су пайдалануды жүзеге асыруды шектемеуі тиіс.

17. Оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы Абай облыстық мәслихатынан оң шешім алғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ, арнайы ақпараттық белгілер арқылы халықты шомылуға тыйым салынатыны және ортақ су пайдалануды жүзеге асырудың басқа шарттары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

18. Ортақ су пайдалану үшін су объектілерін пайдалану кезінде жеке және занды тұлғалар:

- 1) су объектілерін ұқыпты пайдалану;
- 2) су объектілерін пайдаланудың белгіленген режимін сақтау;
- 3) су объектілерінде мәдени, спорттық және басқа да іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау;
- 4) су объектілерін және іргелес аумақтарын тиісті санитариялық нормаларға сай ұстауға, тұрмыстық, құрылыш және басқа да қалдықтармен қоқыстауға,

іргелес аумақтарды ластаудың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды уақытылы жүзеге асыруы тиіс.

19. Ортақ су пайдаланудың су объектілерін пайдалану кезінде:

1) су объектісін ластауға және қоқыстауға;

2) шомылуға арналған орындарда киім жууға және жануарларды шомылдыруға;

3) ескерту немесе тыйым салу жазулары бар арнайы ақпараттық белгілер қойылмаған орындарда шомылуға;

4) арнайы ақпараттық белгілерді өз еркімен алып тастауға, бұзуға және жоюға ;

5) аумақта жанар-жағар май материалдарын сақтауға;

6) көлікке жанар май құюды, жууды және жөндеуді жүзеге асыруға;

7) су объектілерінде және оларға тікелей жақын жерде кәмелетке толмаған балаларды ұлкендердің қарауынсыз тастауға жол берілмейді.

Абай облысында

ортак су пайдалану ережелерінің

1-қосымшасы

Абай облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу, мал суару жүзеге асырылмайтын жерлер

P/c №	Су объектісінің атауы	Ауылдық округ, жақын орналасқан елді мекен, аудан (координаттары)	Ескертпе
Семей қаласы			
		Солнечная поляна саяжайлар алабы ауданында. Прииртышье лагері (50028'38.82"C; 8006'59.07"B)	
		Мұрат саяжайлар алабы ауданында (50026'5.53"C; 80010'0.29"B)	
		Бобровка саяжайлар алабы ауданында (50025'53.87"C; 80012'6.45"B)	
		С е м е й кемекұрлыс-кемежөндеу зауыты ауданында (50027'9.36"C; 80012'41.78"B)	
		Аквапарк ауданында (50024'53.10"C; 80013'19.48"B)	
		Аквапарктің сол жағалауы бөлігі	

		(сол жағалау) (50024' 32.03"C; 80013'18.87"B)	
1	Eртіс өзені	<p>Смычка суқақпасы мен бұрынғы понтон көпірінің арасы ауданында (50023'59.71"C; 80015'2.71"B)</p> <p>Абай көшесіндегі орталық мешіт ауданында,</p> <p>Хасанов аралы (50023' 56.25"C; 80015'49.40"B)</p> <p>Тұлпар көлік базарынан кейін орналасқан шығыс кенті ауданында (жеке тұргын сектор) (50024' 8.66"C; 80016'30.85"B)</p> <p>Смычка суқақпасы мен ат-арба көлік көпірі (ескі көпір) арасы ауданында (50023'39.74"C; 80017' 43.60"B)</p> <p>Бейбітшілік аралы (биологиялық орталықтан кейін) (50023'2.06"C; 80017'56.05"B)</p> <p>Шығыс кенті саяжайлар алабы ауданында (саяжайлар) (50023'2.52"C ; 80017'58.94"B)</p> <p>"Саржайлау" демалыс базасы, Семей қаласы аумағында, Шығыс он жақ алабы ауданында (50.374708390329516, 0.32082281624137)</p> <p>"Бобровка" демалыс базасы, Семей қаласы аумағында, Бобровка алабы ауданында (50.459254828588584, 0.19624926109016)</p>	шомылу жүзеге асырылмайды
2	Колхозка көлі	Озерка ауылы, Озерский ауылдық округі (50023' 31.68"C; 80028'35.74"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
3	1 Мұрат қазаншұңқыры	Мұрат кентіндегі Бобровка мен 35-ши колония арасында	шомылу жүзеге асырылмайды

		(50025'50.25"C; 8008'2.52"B)	
4	2 Мұрат қазаншұнқыры	Мұрат кентіндегі Бобровка мен 35-ші колония арасында (50026'7.35"C; 8008'5.96"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
5	Атауы жоқ көлі	"Мақсал" демалыс базасы , Озерки ауылдық округі шекарасында (50.38576967671131, 80.76697107450498)	шомылу жүзеге асырылмайды
6	"Колхозное" көлі	"Тополек" шаруа қожалығының жағажайы, Озерки ауылдық округі, Озерки ауылы (50.400038842898766, 0.47032249056602)	шомылу жүзеге асырылмайды

Абай ауданы

7	Карашоқы өзені	Кенгіrbайби ауылдық округі (49084'09.42"C; 79079'25.23"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
8	Оспанкөл көлі	Кенгіrbайби ауылдық округі (49017'55.95"C; 79028'65.10"B)	шомылу жүзеге асырылмайды

Аягөз ауданы

9	Аягөз өзенінің бойында орналасқан "З скалка" орны	Аягөз қаласы (47056'20.59"C; 80039'14.99"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
10	Аягөз өзенінің бойында орналасқан "Спартак" орны	Мамырсу ауылы (47056'27.54"C; 80023'14.99"B)	шомылу жүзеге асырылмайды

Бесқарағай ауданы

		Глуховка ауылы (50029'09.11"C, 79052'50.81"B)	
		Стеклянка ауылы (50049'79.25"C, 79093'71.19"B)	
		Бірлік ауылы (50030'56"C, 79042'44"B)	
		Белокаменка ауылы (50056'63.44"C, 79059'71.22"B)	
		Долонь ауылы (50056'63.44"C, 79059'71.22"B)	
11	Ертіс өзені	шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу жүзеге асырылмайды	
		Мостик ауылы (50041'15"C, 79006'44"B)	
		Черемушки ауылы (50029'09.11"C, 79052'50.81"B)	

		Бөдене ауылы (50056' 63.44"C, 79059'71.22"B)	
		Грачи ауылы (50029' 09.11"C, 79052'50.81"B)	
		Жетіжар ауылы (50029' 09.11"C, 79052'50.81"B)	
		Кривинка ауылы (50029' 09.11"C, 79052'50.81"B)	
12	атауы жоқ көл	Канонерка ауылы (50056' 63.44"C, 79059'71.22"B)	шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу жүзеге асырылмайды
13	атауы жоқ көл	Беген ауылы (50029'09.11 "C, 79052'50.81"B)	шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу жүзеге асырылмайды

Бородулиха ауданы

14. алып тасталды - Абай облысы мәслихатының 28.06.2024 № 16/116-VIII шешімімен (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15	Абдулка су айдыны	Бородулиха ауылы (50077'37.58"C; 80098' 41.72"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
16	Горчак көлі	Ауыл станциясы ауданында (51001'16.81" С; 81000'88.66"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
17	атауы жоқ су айдыны	Дмитриевка ауылы шетінде (50074'44.20"C; 80082'40.00"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
18	атауы жоқ тоган	Ивановка ауылы (50054'4 "C; 81031'5"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
19	Неміс тоганы	Переменовка ауылы (50048'30"C; 81021'49"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
20	Веселов тоганы	Жаңа Шұлбі ауылының оңтүстік-батыс бөлігі (50052'88.70"C; 81031' 16.16"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
21	атауы жоқ тоган	Жерновка ауылы (50052' 67.34"C; 81012'88.95"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
22	Жерновка өзені	Жерновка ауылының оңтүстік ауданында (50051'33.55"C; 81012' 88.95"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
23	Казенное көлі	орман алқабының шетінде, Жерновка ауылынан 1,5 километр (50049'17.41"C; 81010' 70.69"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
		орман алқабының шетінде, Жерновка	

24	Черемушное көлі	ауылынан 6 километр (50049'17.41"C; 81010'70.69"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
25	Оба өзені	Красный Яр ауылы (50051'61.05"C; 81069'60.55"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
26	Жаңа Шұлбі су коймасы	Уба-Форпост ауылы (50028'05.64"C; 81062'11.92"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
27	Михайловск көлдері	Семей орманы территориясы, Михайловка ауылы ауданында (50066'25.25"C; 80068'01.60"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
28	Дюкала көлі	Семей орманы территориисы, Камышенка ауылы ауданында (50067'78.59"C; 80082'67.59"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
29	атауы жоқ казаншұңқыр	Камышенка ауылының солтүстік-шығыс бөлігі (50071'30.20"C; 80077'53.50"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
30	Старый тоганы	Шелехово ауылы (50079'04.87"C; 80051'39.63"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
31	кіші Палевск тоганы	Шелехово ауылы (50079'22.53"C; 80048'84.47"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
32	Первый 1 тоганы	Шелехово ауылы (50081'66.87"C; 80049'20.93"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
33	Первый 2 тоганы	Орловка ауылы (50082'52.38"C; 80056'41.01"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
34	Троицкое 1 тоганы	Шелехово ауылы (50078'15.22"C; 80041'51.47"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
35	Троицкое 2 тоганы	Шелехово ауылы (50078'91.98"C; 80039'62.62"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
36	Бригадный тоганы	Орловка ауылы (50083'31.43"C; 80056'33.58"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
37	Летний тоганы	Орловка ауылы (50083'31.43"C; 80056'33.58"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
38	Қызылтай 1 тоганы	Орловка ауылы (50078'15.22"C; 80041'51.47"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
39	Қызылтай 2 тоганы	Орловка ауылы (50078'91.98"C; 80039'62.62"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
40	атауы жоқ су айданы	Шанырақ көшесі ауданында, Новопокровка ауылы (50068'37.33"C; 80045'60.56"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
Жарма ауданы			

		Суықбұлак кенті (49° 47'42"C; 80°49'30"B)	
41	Шар өзені	Жаңаөзен ауылы (49° 19'18"C; 81°28'11"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
		Шар қаласы (49°35'19"C; 81°02'43"B)	
42	Шар су қоймасы	Қалбатау ауылы (49° 19'41"C; 81°34'14"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
43	Ортабұлақ су қоймасы	Қалбатау ауылы (49° 19'41"C; 81°34'14"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
44	Кызылсу өзені	Шалабай ауылы (49°41'59"C; 81°30'25"B)	шомылу жүзеге асырылмайды
Үржар ауданы			
45	Егінсу ауылындағы су қоймасы	Егінсу ауылы (46° 57'39.99"C; 81°28'17.71"B)	шомылу жүзеге асырылмайды

Абай облысында
ортақ су пайдалану ережелерінің
2-қосымшасы

Абай облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шағын кемелерде және басқа да жузу күралдарында жузу жүзеге асырылмайтын жерлер

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Абай облысы мәслихатының 28.06.2024 № 16/116-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

P/c №	Су объектісінің атапуы	Ауылдық округ, жақын орналасқан елді мекен, аудан (координаттары)	Ескертпе
Семей қаласы			
1	Ертіс өзені	Понтон көпірінің сол жағалауы, Мелькомбинат ауданы (50°383777,80°254869)	жағажайлар мен акваториялар участекелерінің (белдеулерінің) шекарасынан 50 метрден кем емес
2		Пристань ауданы (50°425027,80°218422)	
Бескарагай ауданы			
3	"Шошқалы" көлі	Карабас ауылдық округі (51.28049,78.69898)	жағажайлар мен акваториялар участекелерінің (белдеулерінің) шекарасынан 50 метрден кем емес
Бородулиха ауданы			
4	Шұлбі су қоймасы	Жерновка ауылдық округі (50°38'55"04C; 81°12'01"34B)	

5	Жерновские көлдері	Жерновка ауылдық округі, аудан орталығы Бородулиха ауылынан 35 км таспалы реликті бордың терендігінде орналасқан (50.49281, 81.10660)	жағажайлар мен акваториялар участкелерінің (белдеулерінің) шекарасынан 50 метрден кем емес
6	Михайловские көлдері	Подборный ауылдық округі, Семей қаласынан 40 км қашыктықта орналасқан. "Семей Орманы" мемлекеттік орман табиғи резерватының аумағында (50.66471, 80.67570)	
7	Большое көлі	Бородулиха ауылы (50076'50.73"C; 80094' 58.92"B)	
Жарма ауданы			
8	Арасан көлі	Қалбатау ауылдық округі , Қалбатау ауылынан 12 км солтүстік-шығысқа қарай (49.26444,81.74206)	жағажайлар мен акваториялар участкелерінің (белдеулерінің) шекарасынан 50 метрден кем емес
Мақаншы ауданы			
9	Алакөл көлі	Қабанбай ауылы (46°07'28.03"C; 03'25.23"B) (46°06'87.93"C; 03'39.65"B)	жағажайлар мен акваториялар участкелерінің (белдеулерінің) шекарасынан 50 метрден кем емес
Курчатов қаласы			
10	Ертіс өзені	Маяк қонақ үйі ауданында (50.759306,78.547800)	жағажайлар мен акваториялар участкелерінің (белдеулерінің) шекарасынан 50 метрден кем емес
11		№ 2 ЖОББМ, № 1 ЖОББМ ауданында (50.750946, 78.557102)	
12		Саяжай алабы ауданында (50.721729, 78.649879)	

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрлігінің Абай облысы бойынша
экология департаментінің басшысы

С. Сарбасов

22.06.2023 жыл

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігінің

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау

комитетінің Абай облысы бойынша

санитариялық-эпидемиологиялық бақылау

департаментінің басшысы

Н. Ногайбаев

19.06.2023 жыл

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи ресурстар

министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл

бассейндік инспекциясының басшысы

Р. Иманбет

13.06.2023 жыл

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи ресурстар

министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясы басшысының міндетін атқарушы

Е. Мәдиев

20.06.2023 жыл